

Қазақстан Үкіметінің басшысы «Қарашығанақ-Орал» газ желісінің ашылуына қатысты

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Кәрім Мәсімов, Батыс Қазақстан облысының әкімі Бақтықожа Ізмұхамбетов, «Қарачағанак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясының жоғарыдағы басшылығы және басқа да ресми адамдар БҚО Федоровка поселкесінде өткен «Қарашығанақ-Орал» газ желісі құрылысының табысты аяқталуы мен бірінші тармағының пайдалануға берілуіне қатысты. Мұнда «Қарашығанақ-Орал» газ желісінен Федоровка селпосына табиғи газ берілуіне орай алау жағу құрметті рәсімі болып өтті.

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Кәрім Мәсімов өзінің құттықтау сөзінде былай деді: «Бүгін Мемлекет басшысының тапсырмасы орындалды, 11 елді мекенді газбен қамтитын жаңа газ құбыры салынды және ол бөс ауданның аумағынан өтті. Яғни ол БҚО аумағындағы 146 елді мекенді газдандыру мүмкіндігін беріп отыр. Біздің жүз мың тұрғынымыз осы газ құбырының көмегімен өз үйлерін жылытатын болады. Бұл үлкен жетістік»

«Құрылысшылар мемлекет басшысы тапсырмасының маңыздылығын сезінеді. Олар осынау маңызды әлеуметтік жобаны табысты жүзеге асыру үшін қолдан келгенің барлығын жасайды» - құрылысшылар атынан



сөз сөйлеген «НГСК «Казстройсервис» АҚ директоры Талғат Оқасов осылай деді.

Елді мекендерді газдандыру өндіріс пен шағын кәсіпкерлік субъектілерінің дамуына, бюджетке салық түсімдерінің молаюына игі ықпал етеді деп күтілуде.

Ресми рәсім кезінде КПО-ның бас директоры Джузеппе Пази былай деді: «Қарашығанақ кен орнының игерілуі Қазақстан Республикасы экономикасының өркендеуіне елеулі үлес қосып отыр және Батыс Қазақстан облысы тұрғындарының жағдайларын жақсартуға қызмет етуде. Бүгінгі «Қарашығанақ-Орал» газ желісінің бірінші тармағы

құрылысының табысты аяқталуы оның тамаша дәлелі. Бұл шара экономикалық жағынан да, әлеуметтік жағынан да маңызды, өйткені ол Қазақстан Республикасы мен Қарашығанақ жобасы бойынша әріптес компаниялардың бірлескен жұмысының жемісі ғана емес, Батыс Қазақстан облысының ары қарай дамуы үшін айтарлықтай стимул болып отыр».

«Бұл маңызды әлеуметтік жоба осы соншалықты қажетті энергияны Батыс Қазақстан облысының сегіз мыңнан астам отбасына жеткізуді қамтамасыз ете отырып, табиғи газдың ішкі нарығының өркендеуі мен

өндірістік өсуге игі әсерін тигізетін болады», - деп қосты Джузеппе Пази.

«Қарашығанақ-Орал» газ желісінің екінші тармағының құрылысын аяқтау 2010 жылдың екінші жарты жылдығына белгіленген. КПО-ның тапсырысы бойынша газ желісінің құрылысын қазақстандық «Казстройсервис» мердігерлік компаниясы жүргізуде.

«Қарашығанақ-Орал» газ желісінің құрылысының толықтай аяқталуы Жайық өзенінің сол жағалауында, Қарашығанақ кен орны мен Орал қаласы аралығында орналасқан елді мекен тұрғындарының үйлеріне табиғи газ жеткізуді қамтамасыз етеді. Бұл жобаның жүзеге асырылуы табиғи газдың тұрақты жеткізілуімен бірге жаңа жұмыс орындарының ашылуына, жергілікті потенциалдың дамуына, жаңа технологияның жеткізілуі мен жергілікті инфрақұрылымның сәйкесті өркендеуіне игі ықпалын тигізетін болады.

Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Кәрім Мәсімов облысымыздың бірнеше кәсіпорының жұмысымен танысты. Олардың ішінде «Уральскгазрореммаш» АҚ, «Зенит Орал зауыты» АҚ және «Казakhstan инженеринг» ҰК» АҚ, «НИИ Гидро-

прибор» АҚ бар. Қазақстанда тұңғыш рет төменгі және жоғары қысымдағы турбиндердің роторларын жөндеу технологиясы, турбин құрғамасын қалпына келтіру, жану камерасы мен газ айдаушы агрегаттардың подшипниктерін жөндеу технологиялары игерілді. Компания Қазақстанда баламасы жоқ алғашқы газ айдаушы агрегаттар мен газтурбиналық электростанциясының өндірісін бастауды жоспарлап отыр.

«ЗКМК» АҚ 2003 жылы қорғаныс кәсіпшілігінің кәсіпорыны болып саналатын «Орал Металлист зауыты» ААҚ базасында құрылған еді.

Осы аймақтағы бір күндік жұмыс сапары кезінде Кәрім Мәсімов өсімдік майын өндіретін жаңа зауытқа барып, жергілікті машина құрастыру компаниясының ұжымымен кездесіп, экономика-ның модернизациялау жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысын өткізді.

Премьер-министрдің қа-

сында мәжіліс депутаттары

Кенжеғали Сағадиев пен Мейрам Пашенбаев, индустрия және сауда министрі Өсет Искешев, экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Бақыт Сұлтанов, қаржы министрі Болат Жәмішев, сонымен бірге БҚО әкімі Бақтықожа Ізмұхамбетов бірге болды.

ҚР парламентінің депутаттары тағы да Қарашығанақ жобасында болды

Қарашығанақ жобасында қазақстандық кәсіпорындардың қатысуын көбейту қажет. Жақында ғана КПО-ның өкілдерімен кездескен ҚР Парламент Мәжілісінің депутаттары Виктор Киянский, Шахат Өтемисов, Елена Тарасенколар осы жайында әңгіме қозғады. Депутаттармен кездесуде КПО компаниясы атынан оның сервистік қызметпен қамту жөніндегі директоры Паоло Репетти, Үкіметпен байланыс жөніндегі директор Нұржан Қамалов пен тауар жеткізушілердің жұмысын дамыту мен кәсібилігін арттыру бөлімінің менеджері Қайрат Қапашевтар қатысты.

Парламент депутаттары КПО басшылығымен компанияның ірі конкорциумы сатып алатын тауарлар мен қызмет көрсетуде қазақстандық үлес деңгейін талқылады. 2008 жылы конкорциумның сатып алуындағы қазақстандық үлес салмағы 57 пайызға өскенімен, әлі де бұл істі дамыта түсу әлеуеттілігі мол екендігі атап өтілді. Бүгінгі таңда



1 мыңнан астам қазақстандық компания КПО-ның өндірістік көрсеткіштер, сапа мен баға бойынша стандарттарына сай келетін қабілеттерін байқатты. Соңғы 10 жыл ішінде қазақстандық компаниялар тауар жеткізу мен қызмет көрсетуге жалпы құны 3,5 млрд. АҚШ долларынан артық тапсырыс қабылдапты.

Депутаттар бұл процестің шапшаңдауына Қарашығанақ жобасын жүзеге асыруда қазақстандық қатысуды дамыту жөнінде жұмыс тобының құрылуы туралы Меморандум игі ықпал еткенін атап айтты. Өйтсе де Мәжіліс депутаттары атап көрсеткендей, анализ жасау және іс-шаралар жоспары жобасының және конкорциумның мақсатты аумақтық бағдарламасын жасақтау үшін эксперттік топты құру және оның жұмысын қаржыландыру туралы төртінші баптың тармағы орындалмаған.

КПО компаниясының сервистік қызметпен қамту жөніндегі директоры Паоло Репетти депутаттар қойған барлық мәселелер мұқият талқыланып, қадағаланатынын айтты. Оның айтуы бойынша конкорциум басшылығы Қарашығанақ жобасында қазақстандық кәсіпорындардың қатысуын молайтуды өздерінің стратегиялық артықшылығы деп санайды.

STEP – ТҚ бойынша кәсіби мамандарды дайындаудың тиімді жүйесі

Өткен жылдың желтоқсан айының басында КПО компаниясы КПО-ның STEP (ТҚ бойынша кәсіби мамандарды дайындаудың тиімді жүйесі) бағдарламасының бір бөлігі болып табылатын өндірістегі техника қауіпсіздігінің (IOSH) халықаралық курсы өткізді. Курс 5 күндік теориялық сабақтардан және 5 күндік практикалық жаттығулардан құралған, яғни кәдімгі теориялық курстардан айырмашылығы бар. Бұл компанияның пайдаланып жатқан процедураларын ескере отырып, КПО-ның кәсіби өндірісіне арнайы алдын-ала дайындықтан өткен, бүкіл өлем алдында танымал курс.

Осылайша соңғы ізденістер негізінде кен орнындағы ЕБ, ТҚ мен ҚОҚ бөлімдері оқу мен кәсіби даярлау бөлімдерімен бірлесе отырып, техника қауіпсіздігінің халықаралық танымал стандарттарына сәйкес КПО-дағы бүкіл қазақстандық персоналдың ЕБ, ТҚ мен ҚОҚ бойынша олардың біліктілігін көтеруге бағытталған әзірлік бағдарламасын енгізуді бастады.

КПО-ның өндіріс жөніндегі директоры Грэхэм Скоттонның айтуынша, «ТҚ бойынша кәсіби мамандарды дайындаудың тиімді жаңа жүйесі» (STEP) өндіріс пен еңбекті қорғау мен өндірістегі техника қауіпсіздігі Институтының (IOSH) талаптарына жауап береді. Оқу бағдарламасы халықаралық сертификатталған стандарттарға сәйкес білімдері мен кәсіби дағдыларын жетілдіру мақсатында жасалған. Бұдан басқа STEP бағдарламасы КПО-ға Қазақстан Республикасы Үкіметінің ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ бойынша құқықтық жүйені халықаралық стандарттармен үндестіру стратегиясына сәйкесті ұстануға мүмкіндік береді.

STEP бағдарламасының ерекше бөлігі – бұл біліктілік пен кәсіби дағдыларды жетілдіру, сонымен қатар техника қауіпсіздігі бойынша тұрақты түрде оқыту арқылы күрделі мәселелерді шешу үшін КПО ЕҚ, ТҚ және ҚОҚ мамандарына арнайы жасалған «жұмыс орнында» кәсіптік даму бағдарламасы болып табылады.

STEP бағдарламасы КПО-ның ЕБ, ТҚ және ҚОҚ мамандарын халықаралық кәсібилігін арттыру бағдарламасы арқылы және қазақстандық стандарттарға сәйкес кәсіби жетілдіру мақсатындағы бастамасы болып табылады. Бағдарлама IOSH Институты, КПО мен Jau's Training және Abigoу кеңесшілерінің бірлескен жұмысы болып табылады.

КПО Қарашығанақ кен орнын Қазақстанның энергикалық секторындағы жұмыс жасау үшін ең қауіпсіз орын етуге тырысады.



КПО «Парыз» наградасын алды

Желтоқсанның екісі күні Астана қаласының Конгресс-холында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша «Парыз» республикалық байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі болып өтті. «Карачаганақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы «Парыз-2009»-дың «Үздік ұжымдық келісім-шарт» категориясы бойынша қола жүлдесіне ие болды.

Байқаудың басты шарты – әлеуметтік-жауапкершілікті бизнес саясатын жүргізуші кәсіпорын иелері арасында үздіктерді анықтау. Ол үш категория бойынша өтеді – ірі, орта және шағын кәсіпорндар субъектілері арасында үш атаулы бойынша: «Үздік әлеуметтік жауапкершілікті кәсіпорын», «Жылдың үздік әлеуметтік жобасы», «Үздік әлеуметтік келісім-шарт».

Жыл сайынғы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі байқауын Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 2008 жылдың қаңтар айында құрды. Оның басты мақсаты – әлеуметтік әріптестіктің жоғары дәрежесін көрсетуде үлгі болып жүрген кәсіпорндарды қолдау.

«Парыздың» ұйымдастырушылары Қазақстанның еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, «Союз «Атамекен» Қазақстанның ұлттық экономикалық палатасы және Қазақстан республикасы кәсіподақтар федерациясы болып табылады.

Биылғы жылы «Парыз» сыйлығы үшін Қазақстанның барлық аумақтарынан 321 кәсіпорын тартысқа түсті. Үміткерлер байқауға үш атаулы және үш категория бойынша қатысты – кіші, орта және ірі кәсіпорндік субъектілерді. Өткен жылмен салыстырғанда, отандық ең дәрежелі сыйлықтың бірін екі еседі ескеніне байқау ұйымдастырушылары күлкі етуде. Бұл дегеніміз - бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі экономикалық дағдарысқа да қарамастан тұрақты өсіп келе



жатқанын көрсетеді.

Осы жоғары дәрежелі наградаға берілуі туралы айта келіп КПО-ның бас директоры Джузеппе Пази былай деді: «Қарашығанақ республиканың тұрақты өркендеу міндеттерін орындауға үлес қосуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан республикасының жауапты корпоративті азаматы болуға міндеттеме қабылдады. Біз талантты қызметкерлер өз жұмысы орны ретінде таңдап алатын компания болуға тырысамыз. Өз қызметкерлеріміз үшін біз әділетті қарым-қатынас, кәсіби өсу және олардың қажеттіліктеріне көңіл бөлуді ұсынамыз. Бұл награда кәсіподақтармен орнаған берік қарым-қатынастың дәлелі де, сондықтан мен олардың жыл сайынғы жұмыстарын атап өткім келеді және сол үшін алғыс айтамын».

«Біздің жұмысымыздың аталғаны және еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінен марапатталғанымызды мақтан етеміз, бұл дегеніміз біздің Қазақстан республикасы үкіметімен Қарашығанақтың табиғи ресурстарын игерудің бүкіл еліміз үшін тұрақты әлеуметтік-экономикалық артықшылықтарын қамтамасыз ету мақсатындағы біздің әріптестігімізді дәлелдейді» - деп атап көрсетті Джузеппе Пази.

«Парыз» наградасы жыл сайын өздерінің әлеуметтік жауапкершіліктерін көрнекі түрде

растай алған компанияларға беріледі, соның ішінде «Үздік ұжымдық келісім-шарт» категориясында кәсіпорындардың жұмысшыларының еңбек және әлеуметтік құқықтарын Қазақстан Республикасы заңдарында қарастырылғандай едәуір жақсартушы және нығайтушы ұжымдық келісім-шарттары қаралады. Байқау төралқасы КПО-ның ұжымдық келісім-шартының негізгі шартын атап өтті: отыз күндік ақылы еңбек демалысы, сырттай оқу факультеттерінің студенттері үшін ақылы демалыс, компания қызметкерлері мен олардың отбасы үшін санаторий-курорттық емделу жолдамалары, тұрғылықты мекен-жайынан жұмыс орнына дейін және кері қарай тегін көлікпен қатынаумен қамту, жұмыс орнында тегін тамақтандыру, медициналық сақтандыру және КПО қызметкерлері мен оның отбасы мүшелерінің емделуі, сыйақы және басқа да әлеуметтік жеңілдіктер. КПО-ның ұжымдық келісім-шартын жасауда Төлеуәлі Кеңесов басқаратын КПО-ның кәсіподақ комитетінің еңбегі орасан екенін айтқан жөн.

КПО қызметкерлерімен қарым-қатынас сапасына басқа компанияның қазақстандық қызметкерлерінің кәсіби өсуіне байланысты озық технологияларды қолданып, еңбек және қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру және

жергілікті тауар жеткізушілермен әріптестік арқылы әлеуметтік әріптестік бойынша қабылданған міндеттемелерді абыроймен жүзеге асырып келеді.

КПО-да кадрларды жергілікті кадрлармен алмастыру жоспары кең қарқынмен жүріп, жергілікті қызметкерлердің ұзақ мерзімді білім жетілдіру бағдарламасы іске асырылуда. ӨБНҚ-іне (ОСРП) қол қойылғаннан бері, КПО жергілікті қызметкерлерді оқыту және кәсіби біліктілігін арттыру бағдарламаларына 96 миллион АҚШ долларының үстінде инвестициялық салым салды. Компанияда, бұдан басқа жетекшілік ету бағдарламасы жүзеге асуда. Бұл бағытта шетел мамандары мен қазақстандық қызметкерлер арасында тәжірибе және кәсіби білім алмасу жүргізіледі.

Кен орнының әкімшілік орталығы болып саналатын Ақсай қаласында қызметкерлерді оқыту орталығы жұмыс істейді. Бұл орталықтың негізгі мақсаты - КПО және мердігерлік ұйымдардың жергілікті қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру болып табылады. Жыл сайын орталықта КПО қаржысына мыңдаған қазақстандықтар оқуда. Бүгінде компанияның жергілікті қызметкерлері барлық басқармалық позициялардың 53 пайызын, орта мен төменгі бөлімдерді басқарушы қызметтерін және техникалық мамандар 88 пайызын құрайды. КПО жуырда кадрларды жергілікті кадрлармен алмастыруды жалғастыру бойынша он жылдық бағдарлама дайындады. Мұнда белгіленген жаңа мақсат – 2018 жылға дейін қазақстандық менеджерлер санын 70 пайызға және төмен мен орта бөлімді басқарушыларды 95 пайызға дейін жеткізу. Бұл бағдарлама ҚР өкілетті органы «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ және Қарашығанақ жобасы бойынша серіктестермен бекітілді.

Қоршаған ортаны қорғау және өндірістік қауіпсіздік компанияның корпоративті жауапкершілігінің басқа да маңызды элементі болып табылады. КПО ҚР қоршаған ортаны қорғау бойынша барлық нормативті талаптарын өндіру процесі мен көмірсутегінің Қарашығанақ кен орнынан нарыққа дейінгі жылжу барысын-

да да сақтауға көп көңіл бөліп отырады. Көмірсутекті шикізат пен су ресурстарын тиімді пайдалану, зиянды газдың ауаға лақтырылуы мен қауіпті қалдықтар көлемін азайту, сол сияқты шығып кету мен төгіліп қалуы болдырмау жұмыстары қоршаған ортаны қорғау бағдарламасының негізгі құрамдас бөліктері болып табылады. Өткен жылдар ішінде жағалатын газ көлемінің төмендеуі КПО-ның бұл жұмыстарға қаншама күш жұмсап отырғанын көрсетеді. Мәселен, 2006 жылы жағалған газ көлемі 60 миллион куб.метр құраса, 2007 жылы 40 миллион куб.метр, ал 2008 жылы бар болғаны 33 миллион куб.метр.

КПО Қазақстан Республикасы Үкіметінің ірі инвестициялық жобалардағы қазақстандықтар деңгейін арттыру бастамасын барынша қолдап отыр. ӨБНҚ (ОСРП) қол қойылған күннен бастап қазақстандық тауар жеткізушілер мен қызмет көрсетушілермен жасалған барлық қол қойылған келісім-шарттар құны \$3,5 миллиардты құрайды. Қарашығанақ Қазақстандағы жергілікті тауар жеткізушілерді жетілдіру бағдарламасын жүзеге асырған алғашқы кәсіпорындардың бірі болды. Қазіргі таңда КПО-ның мәліметтер базасында 2700-тің астам қазақстандық кәсіпорын тіркелген.

Джузеппе Пази атап айтқандай, «КПО-ның мақсаты – қазақстандық әріптестердің, серіктестер мен мердігерлердің әлеуеттілігін барынша ашу мен қазақстандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін деңгейін арттыру. Бұл жерде өңгіме материалдық-техникалық қамтуды жақсарту, тауар мен қызметтің сапасын арттыру мен шығынды азайту жөнінде. Бұның маңызды әлеуметтік-экономикалық жағы да бар. Тауар жеткізушілердің жетілдірілген және бәсекеге қабілетті базасы Қарашығанақ гана қызмет етпейді, жергілікті және аумақтық экономикаға да ұзақ уақыт пайда келтіреді, ал бұл айналып келгенде Қарашығанақтың Қазақстанның және қазақстандықтардың жалпы игілігі үшін қызмет етуінің келілі».

ЖҚЕ – бұл жымайтын ереже

Жол қауіпсіздігі ережесі бағдарламасы жыл сайын КПО компаниясы жүзеге асырып келе жатқан әлеуметтік жобалардың ішіндегі ең жаңашыл, ұтымдысы болып табылады. Техника қауіпсіздігі бөлімінің қызметкерлерінің балалар арасында жол-көлік оқиғасының алдын-алуға бағытталған үйрету іс-шараларын өткізумен айналысуы бекер емес. Жыл сайын аудандық, облыстық байқаулар өткізілетін оқушылардың жас автоинспекторлар отрядтарының қызықты жұмысы белсенді қолдау тауып, білім бөлімі мен жол полициясымен бірлесіп отырып, төменгі сынып оқушылары үшін кездесулер мен ертенгіліктер ұйымдастырылуда. Қалалық мектептердің барлық оқушыларына компания әсіресе сабақ қараңғы кезде басталып, қараңғы түскен кезде аяқталатын жылдың қауіпті мезгілдерінде әртүрлі пішіндегі жарық шығаратын жарқырауықтар береді, оларды оқушылар киімдеріне, сөмкелеріне тағып жүреді. Үлкен де, кіші де қатысқан осындай маңызды шараның бірі - барлық қалалық мектептердің оқушылары үшін жол қауіпсіздігі бағдарламасының қатысушыларының күшімен ұйымдастырылған тамаша концерт болды. Балаларды техника қауіпсіздігі бөлімінің өкілі Питер Джойс мектепте оқытады.

Мерекелік кездесулердің басты шарасы «Арман» мәдени-сауық кешенінің шығармашылық қызметкерлері әзірлеген концерт бағдарламасы болды. Бұл жерде әртістер жолда жүру ережелерін білу сайыстарының танымдық элементтері мен көзбояушылардың таң қалдырарлық көрсетілімдерін және балалармен қызықты ойындарды біріктіре білген.

Жолда жүру қауіпсіздігі бағдарламасы компанияның корпоративті саясатының жалпы концепциясын анықтап

қана қоймайды, сонымен бірге оның әрбір қызметкерінің міндетіне кіргізіледі. Техника қауіпсіздігі жөніндегі менеджер Питер Джойс балалармен әрбір кездескен сайын Ақсайда жүзеге асырылып жатқан балаларды қала көшелерінде дұрыс жүруге үйретуге арналған қауіпсіздік бағдарламасы туралы әңгімелеп береді. Абай даңғылында өткен балаларды қорғау күні және мектептерде өткен сабақ кезінде балаларға арналған қауіпсіздік бағдарламасының тұсаукесері өткізілді. Қала бойынша стөнділер мен жол белгілері, мектепке жақын жолдарға – «жолда жатқан полицейлерді» және ерекше қауіптілік белгісі ретіндегі мектеп оқушыларының макеттері орнатылды.

Қала көшелері мен жолдарында баланың қасында ересек кісі болмаған жағдайда оның қауіпсіздігін жол қозғалысы ережесін жақсы білуі мен оны бұлжытпай орындауы ғана қамтамасыз ете алады. КПО компаниясы жол қауіпсіздігі бағдарламасын жүзеге асыру барысында қала мектептері мен жол полициясы бөлімімен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Көптеген мектеп оқушылары ЖҚЕ еске салатын мультфильмдердің қызықты кейіпкерлері бейнеленген жарқырауықтар тағып қана қоймайды, осы тақырыпқа байланысты күнделікті, дәптерлерді және сурет салатын альбомдарды пайдаланады. Бұлардың барлығы да бір тақырыпта, яғни өзінің де өзгенің де өмірін транспорт құралдарынан келетін қатерден сақтау үшін жолдарда қалай жүріп-тұруды білу мен есте сақтау қажеттігі туралы баланың назарына сағат сайын ілігіп тұратындығы етіп рәсімделген. Жол қозғалысының патшалығы кездесулер соңында балаларды жаяу жүргіншілер жолы мен тротуарларда аса сақ болуға шақырды. Балалар болса



ойындар кезінде қолпаштай қол соғып, жол қауіпсіздігі ережесін сақтауда қателік кетсе, аяқтарымен жерді тартып, викториналардың күрделі сұрақтарының дұрыс жауаптарын хормен айтып жатты. Бағдарлама бойынша ерекше көзге түскен бала марапат ретінде әсем жұмсақ ойыншыққа ие болды. Мектептерде өткізілген шаралар кезінде мерекелік көңіл-құл орнайды, соның арасында балалар қауіпсіздік ережелерін белсенді, үлкен қызығушылықпен қайталайды. Олардың көпшілігінің көңілдерінде КПО қызметкерлері мен олардың өз еркітерімен қосылған көмекшілері сыйлаған мерекелік шат сөзім қалып қояды.

Қоштасар алдында әрбір балаға ЖҚЕ еске салатын сыйлық беріледі. Енді бұл сабақ балалар үшін мектептегі ең сүйікті сабақтарының бірі болады. Кеш соңында ескерткіш сыйлықтар үлестіріледі – дәптерлер мен блокноттар, рюкзактар мен жалтырауықтар. Ал олардың барлығы да жол қозғалысы ережесін еске салып отыратын заттар.